

УДК 378.016: 796

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ МЕН ТҰЛҒА АРАЛЫҚ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСЫН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТТЫҢ ІС ШАРАЛАРЫ
МЕН ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ**

Бауыржанов Б. Б., Бердибаев И. Б.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Республика Казахстан,
Нұрсұлтан қаласы.

Ғылыми жетекшілері: п.ғ.к., доцент, профессор м.а. Омаров Е.Б., магистр, аға
оқытушы Молдан Е.

Жастардың өзара кәсіби әрекеттестігі мен тұлға аралық қарым-қатынасын оңтайландыру үшін педагогикалық тәжірибеде дене жаттығуларын қолданудың қалыптасқан тәжірибесі бар [1]. Сонымен бірге, бұл тәжірибе ғылыми зерттеулер жиынтықтарының нәтижесіне негізделмей, көбіне эмприкалық сипатқа құрылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты дене шынықтыру және спортпен айналысуда студенттердің тұлға аралық қарым-қатынастары мен ұжымдық өзара әрекеттестігін дағдыландыруды құруда туындайтын шарттар мен мүмкіндіктерді зерттеу ең өзекті мәселе болып табылды.

Алға қойған мақсаттың нәтижесіне жету үшін педагогикалық эксперимент топтамасы жоспарланып және жүргізілген. Соның нәтижесінде келесі ғылыми болжамдар (жорамалдар) тексерілді.

Біріншіден, студенттердің оқу ұжымындағы алғашқы қалыптасу кезеңінде, олардың өзара жеке тұлға аралық байланысын ықпалдастыруда, бастапқы ынтымақтастықтары мен өзара түсіністіктерін нығайтуға мүмкіншілік туғызатын ең тиімді тәсілдер қатарына дене шынықтыру мен спорттық әрекеттер арқылы біріккендігі деп жорамалданды. Бұл осы саладағы қарым-қатынас қозғалыс белсенділігін біріктіретін аса қажетті әрі маңызды фактор болып қана табылмай, эмоция мен ақпарат алмасуға міндетті болып, ұжымдағы психологиялық климат пен студенттердің өзара әрекеттерінің байланысын басқару элементтерін құрайды. Осындай өзара әрекеттестіктің арқасында студенттер арасында ынтымақтастық пен түсіністік пайда болып, дамиды.

Екіншіден, ұйымдастыру барысында студенттердің спорттық және дене дайындық деңгейлері ең басынан бастап салыстырып есепке дұрыстап алынбаған жағдайда, бірлескен спорттық-ұжымдық және жарыстық қызметтер кей жағдайда студенттердің қарым-қатынастарын жақындастыруын баяулатуы мүмкін. Педагогикалық түзетулер спорттық-көпшілік жұмыстар мен жаттықпа сабақтардың жүргізілу әдістері мен ұымдастырылуына жасалды. Негізгі акцент оқу-тәрбие үрдісіне студенттердің белсенді қатысуларын қамтамасыздандыратын әдістемелік амалдар мен әдістерді қолдануға көңіл бөлінді.

Осыған байланысты тәрбиелеу әсерін басқаруға екі топ тәсілдер ерекшеленді.

Бірінші топ өздерінің жеке дайындығына жауапкершілігін жоғарлатып, өз курстастарының жетістіктеріне қамқор болу тәрбиесін мойнына алып, ұстаздардың мадақтауын жиі алатын жалпы педагогикалық тәсілді игерген.

Екінші топ спорт пен дене шынықтыру қызметтерін біріккенін сипаттайтын педагогикалық жағдай мен әдістемелік амалдан тұрды. Бәрінен бұрын мұнда екінші бір студент ұжымының мүшелерімен жарысқанда топтың бәрі өздерінің бір немесе бірнеше командалас мүшелерінің жетістігіне жанкүйер болғандағы ортақ жарыстардағы жағдайын, өзге студенттермен өзара әрекеттестікте жеңілген сәттерде тұлғаның өз ойының шартына мүмкіндік туғызатын әдістемелік тәсілдерді жатқызуға болады.

Қолданылған барлық әдістер мен әдістемелік тәсілдер негізінен сынаққа алынушылардың спорт пен дене шынықтыру қызметтерін сипаттаудан туындайтын белгілі бір функцияларын орындап, тәрбиелеу міндетінің шешімін табуға бағытталған.

Бұл функциялар келесідей көрсетілген.

1. Студенттер қарым-қатынасының нормасы туралы түсінігі мен пайымы, жылжымалы әрекетті тікелей үйренуге байланысты әрі жетілдіре түсу үстіндегі білімі қалыптасты, нақтыланды және бекітілді.

2. Қиындатылған тапсырмалар мен жаттығулардың шешімін табудың алдында жағымды көңіл-күйге икемделу құрылды.

3. Орындағанда тәуекелге бел байланған жаттығулардағы қиындықтарды жеңуге ынталандырылды. Серіктестерінің қолдауы мен өзара көмектесуі құпталды.

4. Спортпен айналысушыларға машықтану жұмысы мен оқудың қажетті шарттарын уақытылы орындауға, тәртіптілікке, жинақылыққа дағдыландырылды.

5. Студенттер әріптестермен бірге ұжым болып жұмыс істеуге қосылып, үлкендерді құрметтеуге, қоғамды сыйлауға және өзара сыйластыққа үйреніп, ұжымның жұмысына белсенді араласуға дағдыланған.

Бұдан, дене шынықтыру шаралары мен тәрбиелеу әдістерінің үйлесімінен педагогикалық бақылаудың келесі формалары анықталды:

1. дене жаттығулары мен тапсырмаларын алдын ала орындауы;

2. жаттығулар мен тапсырмаларды уақытында орындауы;

3. жылжымалы әрекетіне сай қорытынды орындауы.

Барлық осы формалардың бәрінен эмоционалды-ынталандырушы, тәрбиелеу мен білім беру сілтеп қолдану, жеке-дара пен бақылаушы функциялары пайда болды.

Спорт пен дене дайындығын тәрбиелеудің маңыздылығын бағалауда спорт пен дене шынықтыру қызметінің өзіне тән кейбір ерекшеліктеріне талдау жасаған дұрыс. Бұл жерде дене шынықтыру түрін анықтау, сонымен қатар, студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасу қасиеттеріне спорт түрлерінің әсері мен студент ұжымында тұлға аралық әрекеттестігін жетілдіруі туралы сөз болуда.

Студенттердің дене тәрбиесі оқу бағдарламасында оқу пәндері, таңғы дене жаттығуы, спортпен шұғылдану сияқты түрлерімен ерекшеленеді.

1-3 курс арасында 422 студентке, 73 спорт пен дене шынықтыру мамандарына, яғни оқу орнының оқытушылары мен спорт жаттықтырушыларына жүргізілген сауалнаманың қорытындысы мен талдау нәтижесінің негізінде студенттер ұжымындағы тұлғаның өзара әрекеттестігі мен студенттің тұлға болып қалыптасуын тәрбиелеуде дене шынықтырудың әр түрі маңызды әсері ететінін анықтадық.

Сұрақ жүргізілген студенттердің 55 % дене шынықтыру түрі жетекші рөл ретінде спорт секциялары сабақтарында жақсы көрсеткіштерге жетіп, өзара қарым-қатынаста тұлға аралық әрекеттестік дамуына әсер етеді деп белгіленді. Сұралған студенттердің 40 % дене шынықтырудың негізгі түрінде тәрбиелеудің міндеттерін сәтті шешетін оқу мен айналысуда деп есептейді. Тек сұралған студенттердің 4 % ғана таңғы дене жаттығуына басымдылық танытады.

«Дене шынықтырудың қай түрі тұлға аралық әрекеттестік пен қарым-қатынасты жетілдіруде жеңіл мүмкіндік туғызады?» – деп сұралған сұраққа дене шынықтырудың мамандары спорттық жұмыстарға – 51%, оқу пәндеріне – 34 %, дене шынықтырумен өздігімен айналысатындарға – 6%, таңғы дене жаттығуына – 5% дауыспен жауап берді.

Осыған байланысты спорт пен дене шынықтыру қызметтерін тұлғаны тәрбиелеу амалы ретінде қарастырғанда жеке спорт түрлері мен сайыстық жаттығулардың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін талдап-саралу маңызды болып табылады.

Ұқсас жағдайда, [2] пікірінше, ғылымда зерттеліп жатқан объектілерді бір немесе бірнеше ең маңызды белгілері бойынша салыстырып, сонан соң оларды белгілі бір топқа немесе класқа біріктіруге негізделген әдіс қолданылады. Бұлай топтастыру объектілердің арасындағы байланысты және олардың даму заңдылықтарын ашуға көмектеседі, негізделген болжамдар мен практикалық ұсыныстарға жалпы қорытынды жасайтын тұжырма бола алады.

Негізі спорт түрлері мен сайыстық жарыстардың зерттелуші объектілердің психологиялық саралауы салыстырылып, топтастырылған спортшылардың өзара әрекеттестігі таңдалды. Сол себептен оның негізгі екі түрі анықталды: қарсыласқа қарым-қатынасы – бәсекелестік, серіктеске – өзара әрекеттестік (ынтымақтастық).

Қарсыласқа деген өзара тайталастық, бәсекелестік қарым-қатынасы сияқты, өзара бірге әрекеттесетін серіктестердің ортақ мақсаты бар күштерін спорттық жеңіске жетуге арнайды.

Біз спорт түрлері мен сайыстық жаттығуларды топтастырғанда спортшылардың өзара әрекеттестіктерінің арасындағы ерекшеліктері мен өзгешеліктері төрт түрлі топқа бөлінді (30сурет).

Спорттық жаттығулар мен спорт түрлерінің бірінші тобына оқу-жаттығу жиыны мен жарыстық әрекеттерде өз-ара бірігіп жұмыс істеуді талап ететін тұлға аралық әрекеттестігі жоғары деңгейдегі қатысушылар кірді. Бұған топтық және жұптық акробатика, конькиде мәнерлеп сырғанау (жұптық сырғанау және мұз айдынындағы би), ескек есу (жалғыз есуден басқа) топтық ізге түсу жарысы (велосипед спорты), желкенді спорты сияқты барлық топтық спорт ойындарының түрлері жатады.

Спорттық жаттығулар мен спорт түрлерінің екінші тобына өзара бірігіп қызмет ететін қатысушылардың әрекеттестігі кіріп, орта деңгейде сипатталады. Спорттың бұл түрінде не жаттығу сабақтарында, не жарыс кездерінде спортшылар

арасындағы байланысу мүмкіндіктері қарастырылады (мысалы, секіrmелі акробатикада, гимнастикада көрсетілетін көмек пен сақтандыру). Бұл топқа әр қатысушымен жеке орындалатын, бірақ берілген тапсырманы орындауды синхронды талап ететін спорт жаттығуларын да қостық (синхрондық жүзу, батутта синхронды секіру т.б.).

Суретте. Спортшылар арасында тұлға аралық әрекеттесуде бөлінетін ерекшеліктерге байланысты спорт түрлері мен жарыстық жаттығуларды топтастыру

Үшінші топқа қызмет шарттары анықталған студенттердің тұлға аралық әрекеттесуінің шектелген деңгейдегі спорт түрлері жатқызылды (жеңіл атлетика, жүзу, спорттық болжалдау, шаңғы мен жүгіру, биатлон, ату, велоспорт, ауыр атлетика, ирлік спорт т.б.). Аталған спорт түрлерінде спортшының көбіне жекеше әрекетін немесе біріккен-дара сипаттын көрсетеді.

Төртінші топқа спорттық жекпе-жек кіреді (бокс, күрестің барлық түрі, контакты жекпе-жек, семсерлесу, теннис, бадминтон – жекеленген разряд). Жекпе-жекпен айналысатын спортшылардың психикалық белсенділігі қарсыласқа деген басқыншылық әрекетімен сипатталады. Оқу-жаттығу сабақтарында топтағы жолдастар жиі сапринг-серіктестік рөліне кіріп, өз араларындағы әрекеттестіктерінің қыр-сырын анықтайды.

Биодинамикалық, биоэнергетикалық және басқа да жарыстық жаттығулар мен спорт түрлерін қамтитын әртүрлі топтағы спортшылардың қызметтерінің ерекшеліктерінің маңыздылығына қарамастан әлеуметтік-психологиялық тұрғыда біріктіретін ортақ қырлары бар. Бұл серіктестер әрекеттестіктерінің ең мәнді параметрі болып дәлелденді.

Ұсынылған мәліметтерді бақылап, талдауда оқу-жаттығу үрдісінде студент-спортшылардың қызметі тұлға аралық әрекеттестік пен қарым-қатынаста шектеу қойылған спорттың дараланған түрі тәрбиелу міндетін атқаруда жағымды мүмкіндіктер туғызбайтынын көрсетті. Спорттық жаттығуда жеке-дараланған машықтандыру ілгерілеуге алып келетіні сөзсіз.

Дегенмен, спорттық тұрғыдан ғана емес, тәрбиелу қырындағы қызметпен қарағанда [3] бұл принципті асыра сілтеп қолдану, жеке-дара айналысу жекешілдіктің пайда болуына әкелетін жағдай екенін, яғни спорт ұжымын ырықсыз дезинтеграцияға әкелуі мүмкін деген пікіріне қосылмауға да болмайды.

[1] тәрбиелеуде шешуші фактор спорттық-техникалық әректестік емес, спорт түрлерінің әрқилылығына қарамастан топтағы ұжымдық қарым-қатынастың пайда болуы немесе болмауы педагогикалық басқарудың дәрежесіне байланысты деген сенімді зерттеуіне қарамастан, қатысушылар қызметінің үлкен сабақтастығы қарым-қатынастың қарқындап, эмоциялы байланыстың ұлғаюына әкеледі, жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірінше, дұрыс жүргізілген педагогикалық басқару студент ұжымына қажет адамгершілік қарым-қатынастың қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Осыдан жеке және субъективті қарым-қатынастың құрылуының ауысуында, олардың интериоризациясына психологиялық шарттар туындайды. Тұлғаны айқындайтын мінез болып, олар жаңа шарттарға тез әрі сәтті бейімделуге мүмкіндік туғызып, соңында жаңа әлеуметтік ортаға айнала алады. Сонымен қатар, бақылау нәтижесі спортта студенттердің ортамен тіл табысуын қиындататын агрессивті, талаптану уәжінің шектен тыс шығуы сияқты жағымсыз ықпал кездесетін тұстарының бар екенін көрсетеді.

Қорыта келгенде, біздің зерттеуіміздегі студенттер ұжымына жағымды психологиялық атмосфера мен қарым-қатынаста өзара жолдастық көмек туғызуға қосқан үлестің қорытындысы, спорттың әр түрлерінде қатысушылардың спорттық қызметінің сабақтастықтығы жоғары деңгейдегі өкілдерінің көбеюіне соқтырса, ал спорттық жекпе-жек пен жекеленген спорт түрлері өкілдерінің азаюына әкелді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Щеголев В.А. Физическая культура и спорт в воспитании студентов. -Великие Луки, 1999.-52 с.
2. Джамагаров Т.Т. Психология физического воспитания и спорта.- М., 1999.-С. 18-28.
3. Шедрин Ю.Н. Развитие лидерских качеств у курсантов военно-учебных заведений в процессе физкультурно-спортивной деятельности: Автореф. дис. докт. пед. наук. – СПб., 2003. -49 с.